


|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 1-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

## ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

### ДИПЛОМДЫҚ ЖОБАЛАУ. ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ӨТКІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

ӘН V-07-2022

Дайындаған: Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі Проректор  
А. Темербаева



Басқарма мүшесі – ғылым жөніндегі проректор  
А. Ракишев



|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 2-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

## Мазмұны

|                                                                                                   |    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 Қолдану саласы                                                                                  | 3  |
| 2 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар                                                          | 3  |
| 3 Жалпы ережелер                                                                                  | 4  |
| 4 Дипломдық жобаның (жұмыстың) тақырыбына қойылатын талаптар                                      | 4  |
| 5 Дипломдық жобалауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібіне қойылатын талаптар                         | 5  |
| 6 Дипломдық жобаны (жұмысты) нормативтік бақылау тәртібіне қойылатын талаптар                     | 7  |
| 7 Дипломдық жобаның (жұмыс) мазмұны мен құрылымы                                                  | 8  |
| 8 Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) дайындау ережесі                                               | 10 |
| 9 Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғауға ұсыну тәртібі                                               | 11 |
| 10 Дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау тәртібі                                                      | 13 |
| 11 Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) сақтау тәртібі                                                | 14 |
| 12 Кафедра меңгерушісінің, ғылыми жетекшінің, студенттің құқықтары, жауапкершілігі мен міндеттері | 14 |
| 13 Келісу, бекіту және қолданысқа енгізу                                                          | 15 |
| 14 Қол жетімділікті қамтамасыз ету                                                                | 16 |
| 15 Сақтау                                                                                         | 16 |
| 16 Талдау және өзектендіру                                                                        | 16 |
| 17 Өзгертулер енгізу                                                                              | 16 |
| А қосымша Дипломдық жобаға (жұмысқа) Тапсырма нысаны                                              | 17 |
| Б қосымша Аттестаттау комиссиясы отырысы хаттамасының нысаны                                      | 20 |
| В қосымша Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) қабылдау-тапсыру Актісінің нысаны                      | 21 |
| Г қосымша Келісу парағы                                                                           | 22 |
| Д қосымша Танысу парағы                                                                           | 23 |
| Библиография                                                                                      | 24 |

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 3-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

## 1 Қолдану саласы

Осы әдістемелік нұсқаулық «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-та іске асырылатын жоғары кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша дипломдық ресімдеуді ұйымдастыруға және жүргізуге, сондай-ақ сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) құжаттамасын бақылауға қойылатын талаптарды белгілейді және дипломдық жоба (жұмыс) нормалар мен талаптарға, белгіленген стандарттарға және басқа да нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін орнатады.

Әдістемелік нұсқауларды «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың барлық факультеттерінің профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлері және студенттері пайдаланады.

## 2 Терминдер, анықтамалар мен қысқартулар

Бұл СМЖ құжаты «Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік» МС ИСО 9000:2015 стандартына сәйкес келесі терминдерді, анықтамаларды және қысқартуларды белгілейді:

- СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
- ҚР – құжатталған рәсім;
- БСӨ – басшылықтың сапа жөніндегі өкілі;
- МС ж АО – менеджмент пен сапа және аккредитация орталығы ;
- СӨ – сапа жөніндегі өкіл;
- ДЖ (Ж) – дипломдық жоба (жұмыс);
- АМД – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
- ӘН – әдістемелік нұсқаулық;
- АК - Аттестациялық комиссия;
- ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты;
- НҚ – нормативтік құжаттама;
- КҚБЖ – Конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі;
- БҚБЖ – Бағдарламалық құжаттаманың бірыңғай жүйесі.

**Дипломдық жоба** – жобалық тәсілдерді қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды және жобалардың басқа түрлерін дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді өз бетінше шешуді ұсына отырып, студенттің мамандану саласына байланысты белгілі бір проблеманы немесе тақырыпты зерттеу болып табылатын студенттің зерттеу бітіру жұмысы.

**Дипломдық жұмыс** – студенттің мамандану саласына қатысты белгілі бір мәселені немесе тақырыпты жүйелі талдау және зерттеу болып

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 4-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

табылатын студенттің ғылыми-зерттеу бітіру жұмысы.

ДЖ (Ж)-да әдеби шолу, деректерді жинау және талдау, есептеу-графикалық бөліктің мазмұны, тұжырымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау талап етіледі.

### **3 Жалпы ережелер**

3.1 Әдістемелік нұсқаулық «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-та жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары мен жоғары кәсіптік білім беруді даярлау бағыттарының дипломдық жобалауын ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейтін негізгі құжат болып табылады.

3.2 Дипломдық жобалау студенттердің бүкіл оқу кезеңінде теориялық курсты оқудың соңғы кезеңі болып табылады.

3.3 ДЖ (Ж)-ны орындаудың мақсаты мыналар болып табылады:

- білім беру бағдарламасы бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды жүйелеу, бекіту мен кеңейту және оларды нақты ғылыми, техникалық, экономикалық және өндірістік міндеттерді шешуде қолдану;
- өз бетінше жұмыс жүргізу дағдыларын дамыту және әзірленіп жатқан проблемалар мен мәселелерді шешуде ғылыми зерттеу және эксперимент жүргізу әдістемесін меңгеру;
- білім беру бағдарламасына сәйкес заманауи өндіріс, ғылым, техника, мәдениет жағдайында студенттің өз бетінше жұмыс істеуге дайындық деңгейін, сондай-ақ оның кәсіби құзыреттілік деңгейін анықтау.

3.4 ДЖ (Ж) ғылыми жетекшінің басшылығымен орындалады және келесі талаптардың біріне жауап беруі тиіс:

- ғалымдар, талдаушылар, практиктер: инженерлер, конструкторлар, менеджерлер, экономистер жүргізген зерттеу нәтижелерін, жобалық шешімдерді жинақтауды қамтуға;
- зерттелетін объект бойынша ғылыми негізделген теориялық тұжырымдарды қамтуға;
- нақты міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген нәтижелерді қамтуға.

### **4 Дипломдық жобаның (жұмыстың) тақырыбына қойылатын талаптар**

4.1 ДЖ (Ж) тақырыбы өзекті болуы керек, ғылым мен техниканың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларына сәйкес келуі керек. ДЖ (Ж) тақырбын анықтау кезінде өндіріс пен ғылымның нақты міндеттері мен мәселелерін есереу ұсынылады.

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 5-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

4.2 ДЖ (Ж) тақырыбы бакалаврларды даярлаудың білім беру бағдарласна сәйкес болуы тиіс.

4.3 ДЖ (Ж) тақырыбын бітіруші кафедра әзірлейді, кафедра отырысында қаралады және бекітіледі.

4.4 ДЖ (Ж) жалпы тізбесі жыл сайын кемінде 30% - ға жаңартылуы тиіс.

4.5 Студент бекітілген тақырыптан ДЖ (Ж) тақырыбын таңдайды. Стдентке бекітілген тақырыпта қамтылмаған тақырыпта ДЖ (Ж) орындау құқығы беріледі.

## **5 Дипломдық жобалауды ұйымдастыру мен өткізу тәртібіне қойылатын талаптар**

5.1 Дипломдық жобалау Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік қағидаларының [1], Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының [2], «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының [3], Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру Қағидаларының [4], «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ Жарғысының [5], «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ ішкі тәртіп ережесі [6], осы Әдістемелік нұсқаулық талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.2 Білім алушыларды ДЖ (Ж) қорғауға жіберу қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей білім алушылардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), білім беру бағдарламасы көрсетіле отырып, тізімдік құрам түрінде факультет деканының өкімімен ресімделеді.

5.3 АК жұмыс кестесін бітіруші кафедра жасайды, академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді, АК төрағасымен келісіледі және АК жұмысы басталғанға дейін екі аптадан кешіктірмей жалпы назарға жекізіледі.

5.4 Дипломдық жобалауды жүргізу үшін «Студенттердің дипломдық жұмыстарының (жобаларының) тақырыптары мен басшыларын бекіту туралы» бұйрық негіз болып табылады.

ДЖ (Ж) ғылыми жетекшісі ЖОО ғылыми кеңесінің шешімі негізінде тақырыпты көрсете отырып, әрбір білім алушы үшін ЖОО басшысының бұйрығымен бекітіледі. Осы бұйрықпен бейіні бойынша оқытушылар қатарынан дипломдық жобалаудың ғылыми жетекшілері және (немесе) кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар Ұлттық біліктілік шеңберінің 8 деңгейіне сәйкес келетін мамандар тағайындалады.

5.5 ДЖ (Ж) ғылыми жетекшісі:

- ДЖ (Ж) орындау үшін тапсырма береді;
- студентке дипломдық жұмысты (дипломдық жобаны) орындаудың барлық кезеңіне арналған күнтізбелік жұмыс кестесін әзірлеуге көмек көрсетеді;

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 6-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

- студентке қажетті негізгі әдебиеттерді, анықтамалық және мұрағаттық материалдарды, үлгілік жобаларды және тақырып бойынша басқа да дереккөздерді ұсынады;

- консультациялар кестесін белгілейді, оларды өткізу кезінде студенттің ДЖ (Ж) орындаудың күнтізбелік кестесін сақтауын ағымдағы бақылауды жүзеге асырады;

- ДЖ (Ж) барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және нормобақылау жөніндегі дипломгер мен консультанттың жұмысын үйлестіреді;

- ДЖ (Ж) нормобақылауын жүзеге асырады.

#### 5.6 Кафедра меңгерушісі:

- ДЖ (Ж) орындау бойынша студенттің мерзімді есебінің мерзімдерін белгілейді. Осы мерзімде студент ғылыми жетекшіге және кафедра меңгерушісіне есеп береді, олар ДЖ (Ж) дайындық дәрежесін тіркейді және бұл туралы факультет деканына хабарлайды;

- жұмыстың аяқталу мерзімін көрсете отырып, ДЖ (Ж) тапсырмасын бекітеді;

- басшы мен норма бақылаушы қол қойған дайын ДЖ (Ж) қолын қойып бекітеді.

#### 5.7 Дипломдық жобалауды жүргізу шарттары:

- ДЖ (Ж) орындауға теориялық оқытудың бүкіл кезеңі үшін академиялық берешегі жоқ, сондай-ақ оқу ақысы бойынша берешегі жоқ студенттер жіберіледі;

- дипломдық жобалауды баста кзіне дейін бітіруші кафедраларда қажетті құралдармен, техникалық және әдістемелік құжаттамамен жабдықталған диплом беру Кабинеті ұйымдастырылуы керек;

- студенттер ДЖ (Ж) талаптары белгіленетін дипломды жобалауға әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілуі тиіс.

5.8 ДЖ (Ж) ғылыми жетекшісінің ұсынысы бойынша, қажет болған жағдайда кафедра ғылыми басшылыққа бөлінген уақыт есебінен ДЖ (Ж) жкелеген бөлімдер бойынша консультанттарды шақыра алады. Жоғары оқу орындарының профессорлары, доценттері, оқытушылары мен ғылыми қызметкерлері, сондай-ақ басқа ұйымдардың жоғары білікті мамандары мен ғылыми қызметкерлері Консультанттар болып тағайындалуы мүмкін.

Дипломдық жобалау процесі кафедра отырыстарында, сондай-ақ айына кемінде екі рет өткізілетін дипломдық жиналыстарда үнемі талқыланады.

5.9 Әрбір ДЖ (Ж) тапсырмаға сәйкес жеке перспективалық теориялық немесе практикалық сұрақтарды әзірлеуі тиіс.

5.10 ДЖ (Ж) бойынша жұмысты студент ЖОО-да, сондай-ақ кәсіпорында, ұйымда, ғылыми және басқа ұйымдарда орындай алады.

5.11 Студент пен норма бақылаушы қол қойған дайын ДЖ (Ж) студент ДЖ (Ж) қорғауға жіберу (немесе жібермеу) туралы шешім қабылдайтын ғылыми жетекшіге ұсынады.

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 7-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

5.12 ДЖ (Ж) басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, мағынасын өзгертпей (парафразалар) сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік алмастыра отырып, алынған материалдың және мәтінді пайдаланудың бар-жоғын тексеруден өтеді. Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) плагиаттың бар-жоғын тексеру рәсімінен өтпеген ДЖ (Ж) бар студент жазғы семестрден өтпей қайта оқу курсына қалады.

5.13 Ғылыми жетекшінің пікірі, көшіріп алынған материалдың болуы тралы анықтама негізінде шығарушы кафедра ДЖ (Ж) қорғауға ұсынады (немесе ұсынбайды).

5.14 Ғылыми жетекшінің оң пікірі болса және шығарушы кафедраның ұсынысы бойынша ДЖ (Ж) кафедра меңгерушісі рецензияға жібереді.

5.15 АК жұмысы аяқталғаннан кейін комиссия төрағасы және шығарушы кафедра меңгерушісі есеп жасайды.

5.16 ДЖ (Ж) рецензенттері ЖОО басшысының бұйрығымен жұмыс орны, атқаратын лауазымы және білімі көрсетілген бітіруші кафедра меңгерушісінің ұсынуы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі (мамандық/білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми немесе академиялық дәрежесі, жоғары білім туралы диплом бойынша базалық білім).

Рецензент ДЖ (Ж)-ға жазбаша рецензия ұсынады, онда мыналар көрсетілуі тиіс:

- зерттелетін тақырыптың өзектілігі, жаңалығы және практикалық маңыздылығы;
- дипломдық зерттеу тақырыбының маман даярлау бейініне, берілетін академиялық дәрежеге және берілетін біліктілікке сәйкестігі;
- жүргізілген зерттеудің дербестігі;
- қорытындылар мен ұсынымдардың болуы;
- мәселені шешу дәрежесі және зерттеудің аяқталуы.

Рецензияда балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша бағаны және академиялық дәреже немесе біліктілік беру мүмкіндігін көрсете отырып, дәлелді қорытынды беріледі.

## **6 Дипломдық жобаны (жұмысты) нормативтік бақылау тәртібіне қойылатын талаптар**

6.1 Нормобақылау ДЖ (Ж) әзірлеудің соңғы кезеңі болып табылады.

6.2 ДЖ (Ж) құжаттамасы, әдетте, нормобақылауға жиынтық түрде ұсынылуы тиіс: түсіндірме жазба, ведомость және ерекшелік, барлық түрдегі сызбалар және т.б.

6.3 ДЖ (Ж), студент пен жоба (жұмыс) басшысының қолдары болған кезде, егер ол норма бақылаушы болып табылмаса, норма бақылауға ұсынылады.

6.4 Нормобақылаушының тексерілген ДЖ (Ж) қол қоюы бітіруші кафедра

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 8-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

меңгерушісінің бекіткен қол қоюына дейін жүргізіледі.

6.5 Нормобақылаушы қол қойған ДЖ (Ж) оны хабардар етпей түзетуге және өзгертуге жол берілмейді.

## **7 Дипломдық жобаның (жұмыс) мазмұны мен құрылымы**

7.1 Өзінің мазмұны бойынша ДЖ (Ж) қолжазба түрінде нақты білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнының бітіруші курс студенті дербес дайындаған ғылыми жұмыс (жобалық шешім).

7.2 ДЖоба көлемі кемінде 30 беттен кем емес, ДЖұмыс - кемінде 40 бет болуы тиіс. ДЖ (Ж) көрсетілген көлеміне қосымшалар енгізілмейді.

7.3 ДЖ (Ж) құрылымдық элементтері мыналар:

- мұқаба;
- титул парағы;
- ДЖ (Ж) орындау бойынша тапсырма;
- аннотация;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер (қажет болған жағдайда);
- анықтамалар (қажет болған жағдайда);
- белгілеулер мен қысқартулар (қажет болған жағдайда);
- кіріспе;
- негізгі бөлімі;
- тұжырым (қорытынды);
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымша (қажет болған жағдайда).

7.4 Мұқабада келесі мәліметтер келтіріледі:

- ДЖ (Ж) орындалған ұйымның атауы,
- студенттің аты-жөні,
- ДЖ (Ж) тақырыбының атауы,
- жұмыс түрі – дипломдық жоба (жұмыс),
- білім беру бағдарламасының шифры және атауы,
- қала, жыл.

7.5 Титул парағы ДЖ (Ж) бірінші беті болып табылады және құжатты өңдеу мен іздеу үшін қажетті ақпарат көзі ретінде қызмет етеді.

Титул парағында келесі мәліметтер келтіріледі:

- ДЖ (Ж) орындалған ұйымның атауы,
- ДЖ (Ж) орындалған кафедраның атауы;
- шектеу белгісі (қажет болған жағдайда),
- кафедра меңгерушісінің бекіткен қолы;
- жұмыс түрі – дипломдық жоба (жұмыс),
- «тақырыпқа:» көрсете отырып, ДЖ (Ж) тақырыбының атауы,
- білім беру бағдарламасының шифры және атауы,

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 9-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|

- сол жақта – «орындаған» сөзі, оң жақта қарама-қарсы студенттің тегі мен аты-жөні көрсетіледі,

- төмендегі жолда «ғылыми жетекші» деп жазылады және тегі мен аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, басшының басқа да регалиялары көрсетіледі,

- қала, жыл.

Мұқабаны және титулдық бетті ресімдеу нысаны тиісінше ЕР V-08-2022 қосымшаларында келтіріледі.

7.6 ДЖ (Ж) тапсырмасын кафедра меңгерушісі бекітеді. ДЖ (Ж) тапсырмасында жобаны (жұмысты) беру және тапсыру мерзімдері туралы ақпарат, есептік-түсіндірме жазбаның мазмұны, графикалық материалдардың тізбесі (бар болса), консультанттар, орындаудың күнтізбелік жоспары қамтылады.

ДЖ (Ж) тапсырмасына студент және дипломдық басшы қол қояды.

ДЖ (Ж) тапсырмасын ресімдеу нысаны А қосымшасында келтірілген.

7.7 Қазақ тілінде жазылған ДЖ (Ж) түсіндірме жазбасына аннотацияны орыс тілінде және керісінше енгізу міндетті, егер түсіндірме жазба орыс тілінде жазылса, онда аннотация қазақ тілінде жазылуы тиіс. Аннотацияда жұмыстың пәні, тақырыбы, мақсаты, жұмыс нәтижелері, нәтижелерді қолдану саласы және қорытындылары болуы керек. Егер ДЖ (Ж) ағылшын тілінде орындалса, онда аннотация білім алудың орыс және мемлекеттік тілдерде беріледі.

7.8 ДЖ (Ж) мазмұны кіріспені, барлық бөлімдердің, кіші бөлімдердің реттік нөмірлері мен атауларын, қорытындыны, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және осы ДЖ (Ж) элементтері басталатын беттердің нөмірлерін көрсете отырып, қосымшалардың атауларын қамтиды.

7.9 Кіріспе ғылыми-зерттеу жұмысы тақырыбының өзектілігін, ғылыми жаңалығын (ДЖ үшін) және практикалық маңыздылығын негіздеуді, шешілетін ғылыми-зерттеу проблемасының қазіргі жай-күйін бағалауды қамтуы тиіс, сондай-ақ зерттеудің мақсаты, міндеттері мен объектісі тұжырымдалуы, ДЖ (Ж) жазудың теориялық және әдіснамалық негізі мен практикалық базасы сипатталуы тиіс.

7.10 ДЖ (Ж) негізгі бөлігінде орындалған жұмыстың мәнін, мазмұнын, әдіснамасын/әдістемесін және негізгі нәтижелерін көрсететін деректер келтіріледі. ДЖ (Ж) білім беру бағдарламасы бойынша (оқулықтар, оқу құралдары, монографиялар, мерзімді әдебиеттер, дәріс курстары, журналдар, оның ішінде шет тілдерінде, нормативтік әдебиеттер және т.б.) терең әдеби шолу жүргізу негізінде орындалады. ДЖ (Ж) негізгі бөлігі мына міндетті бөлімдерден тұрады:

1) Әдеби шолу;

2) Есептеу, жобалау, бастапқы деректерді талдау және т.б. әдіснамасы/әдістемесі.

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 10-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|

3) бастапқы деректерді талдау.

ДЖ (Ж) негізгі мәтінінде әдеби шолу, пайдаланылған зерттеу әдістерінің негіздемесін, қабылданған есептеу әдістемесін/әдістерін және, әдетте, компьютерлік технологияларды, бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдана отырып орындалатын есептеулердің өзін, жүргізілген эксперименттерді, оларды талдауды және олар бойынша қорытындыларды, техникалық-экономикалық салыстыруды қамтуы тиіс және қажет болған жағдайда иллюстрациялармен, графиктермен, эскиздермен, диаграммалармен, схемалармен және т.б. бнрілуі керек.

ДЖ (Ж) негізгі бөлігі әдетте бөлімдер мен кіші бөлімдерге бөлінеді.

7.11 Қорытындыда дипломдық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша тұжырымдар, қойылған міндеттердің шешімдерінің толықтығын бағалау, зерттелген зерттеу объектісі бойынша нақты ұсынымдар қамтылуға тиіс.

7.12 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес ресімделеді, өзекті болуы тиіс, шығарылған жылы 10 жылдан аспауы тиіс. Шығарылған жылы 10 жылдан астам, бірақ жалпы санының 20%-дан аспайтын негізгі әдебиеттерге сілтеме жасауға жол беріледі. Мәтін бойынша сілтемелер төртбұрышты жақшада ескертулер ретімен беріледі.

7.13 Қосымшаға негізгі бөлімде көрсетілмеген дипломдық зерттеулерді орындауға байланысты материалдар енгізіледі.

7.14 ДЖ (Ж)-да қабылданған шешімдер, барлық деректердің дәлдігі мен объективтілігі үшін ДЖ (Ж) студент - авторы жауапты болады.

## 8 Дипломдық жобаларды (жұмыстарды) дайындау ережесі

8.1 ДЖ (Ж) А4 (210x297 мм) форматындағы қағаз парағының бір жағында орындалуы тиіс, қажет болған жағдайда кестелер мен иллюстрацияларды орындау кезінде А3 (297x420 мм) форматындағы парақты пайдалануға жол беріледі. ДЖ (Ж) мәтіні компьютермен басып шығарылуы керек. Шрифт – Times New Roman, кегль 14, жоларалық интервал – бір, мәтінді ені бойынша түзету, жолдардың келесі өлшемдерін сақтай отырып: сол жағы – 30 мм, жоғарғы жағы - 20 мм, оң жағы - 10 мм және төменгі жағы - 25 мм. Мәтін шегіндегі абзац шегінісі - 0,75 см болуы керек.

Әр түрлі гарнитураның қаріптерін қолдана отырып, белгілі бір терминдерге, формулаларға, теоремаларға назар аударудың компьютерлік мүмкіндіктерін пайдалануға рұқсат етіледі.

8.2 ДЖ (Ж) дайындау процесінде анықталған қателерді, жаңылыстарды және графикалық дәлсіздіктерді ақ бояумен тазалау немесе бояу және сол жерде түзетілген мәтінді (графиканы) машинкамен немесе қолжазба тәсілмен (қара сиямен) жағу арқылы түзетуге жол беріледі.

8.3 ДЖ (Ж) тегі, мекемелердің, ұйымдардың, фирмалардың атаулары,

|                                                                         |                                                                                                  |                                                                 |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| «Әбілқас Сағынов атындағы<br>Қарағанды техникалық<br>университеті» КеАҚ | Әдістемелік нұсқаулар<br>Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге<br>қойылатын жалпы талаптар | ӘН V-07-2022<br>01 нұсқа<br>Күні 2022.11.02<br>24 бетің 11-беті |
|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|

бұйымдардың атауы және басқа да тиісті атаулар түпнұсқа тілінде келтіріледі.

8.4 «Мазмұны», «Кіріспе», «Қорытынды» ДЖ (Ж) құрылымдық элементтерінің атаулары. «Пайдаланылған әдебиеттер тізімі» жұмыстың құрылымдық элементтерінің тақырыптары ретінде қызмет етеді. «Мазмұны» сөзі мен «Аннотация» сөзі тақырып ретінде беттің бірінші жолының ортасында (мәтінге симметриялы) бас әріппен жазылады. «Мазмұны» сөзі мен «Аннотация» сөзін қалың қаріппен белгілеуге рұқсат етіледі. Мазмұнға енгізілген атаулар бас әріптен бастап кіші әріптермен жазылады.

8.5 ДЖ (Ж) бөлімдер мен кіші бөлімдерге бөлінуі керек. Әр бөлімде және кіші бөлімде аяқталған сөз тіркесі болуы керек.

Бөлімдердің атаулары жиынтықта ДЖ (Ж) тақырыбын, ал кіші бөлімдердің атаулары жиынтықта бірлесіп тиісті бөлімді ашуы тиіс.

8.6 Бөлімдер мен кіші бөлімдердің атаулары олардың мазмұнын нақты және қысқаша көрсетуі тиіс.

8.7 Бөлімдер мен кіші бөлімдердің атауын абзац шегінісінен бас әріппен, соңында нүктесіз, астын сызбай басып шығару керек.

Егер атау екі сөйлемнен тұрса, олар нүктемен бөлінеді.

8.8 ДЖ (Ж) беттері араб цифрларымен нөмірленіп, бүкіл мәтін бойынша нөмірленуі керек. Бет нөмірі парақтың төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.

